

**«Астана – жас ұрпақтың көзімен»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, сондай-ақ педагогтердің арасында қашықтықтан өткізілетін, Елорданың 20 жылдығына арналған «Астана – жас ұрпақтың көзімен» республикалық интернет-байқаудың (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалардың шығармашылық және көркем қиялын дамыту, талантты және дарынды балаларды қолдау.

Міндеттері:

білім алушылардың астанамыздың тарихына деген белсенді қызығушылығын қалыптастыру;

астананың 20 жыл ішіндегі жетістігін көрсету, жетістігін насихаттау;

дарынды балаларды анықтау және қолдау;

астананың тарихын білу негізінде білім алушылардың зерттеу қызметі дағдыларын жетілдіру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2018 жылғы 9 наурызға дейін konkurs.16@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2018 жылғы 9 наурыздан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2018 жылғы 16 наурызда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және рецензиялар берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз) теңге** - білім алушылар, педагогтер - **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төлейді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733
ИИК KZ918560000005068448
БИК КСЖВКЗКХ
Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит»

Төлемақының аталуы: «**Астана – жас ұрпақтың көзімен**» байқауы.
Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Байқауға қатысу үшін konkurs.16@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды міндетті түрде жіберу қажет:

қосымшада көрсетілген форма бойынша өтінім;

сканерден өткізілген төлемақы түбіртегін немесе төлем тапсырмасы;

электронды түрде байқау жұмысы.

3. Байқау қатысушыларына талаптар

8. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 7-17 жас аралығындағы білім алушылары, сондықтан педагогтердің арасында білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 7-10 жастағы кіші санат;

- 11-14 жастағы орта санат;

- 15-17 жастағы ересен санат;

- сонымен қатар байқауға білім беру ұйымдарының педагогикалық жұмыскерлері қатысады.

9. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі.

1) «Тарих беттерін парақтау...». Байқауға елорданың өмірімен байланысты естелік оқиғаларды біріктіретін фотоколлаж қабылданады. Байқау жұмысының тақырыбы немесе қысқаша мазмұндамасы болуы тиіс.

Келесі талаптарға сәйкес ақ-қара және түрлі-түсті суретті түсірілімдер қабылданады:

JPEG форматындағы файл, 7 мегапиксельден кем емес бейнеаппарат матрицасы;

көркемдік сипаттамалар (идея, композиция, түстік шешім және т.б.)

2) Астана қаласының сәулет ескерткіштері.

Әңгімеде қорғауға алынған мәдениет объектілерінің тізіміне енгізілген Астана қаласы сәулет ескерткіштері туралы ақпарат болуы тиіс. Әңгімені суреттермен толықтырса болады.

3) «Астана – Еуразияның жүрегі» – шығармалар байқауы.

Балалар өздерінің шығармаларында Қазақстан Республикасының Астанасын және оның көрікті жерлерін сипаттайды. Шығармаға қосымша ретінде фото суреттер мен суреттер ұсынуға болады.

Байқауға ұсынылатын шығарма мазмұны мен ресімдеуге қойылатын келесі талаптарға сәйкес болуы қажет:

- 1) шығарма өз бетімен орындалуы тиіс;
- 2) шығарманың мазмұны байқау тақырыбын ашуы тиіс;
- 3) негізгі бөлімі, қорытындысы мен ұсыныстары ерекше болуы қажет;
- 4) ұсынылатын байқау жұмысы бұрын еш жерде жарияланбаған болуы тиіс.

Шығарманың ресімделуіне қойылатын талаптар.

Байқау жұмыстары баспа түрінде ұсынылады, стандартты жиектерімен А-4 форматы, қарпі 14, Times New Roman, жолдар арасындағы қашықтық 1,0. Жұмыстың көлемі 1 парақтан аспауы тиіс.

4) «Астана таңбасы». Суреттер байқауы.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

Байқауға кез келген материалда (ватман, картон, холст және т.б.) орындалған Астана ғимараттарының суреттері және орындау техникасы әр алуан (майлы бояу, акварель, тушь, бояу қарындаш, бор) жұмыстар жіберіледі. Барлық жұмыстар фотоға түсірілген және электронды түрде JPEG немесе BMP форматында салынған болуы қажет. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы тиіс.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

тақырыпқа және байқау номинациясына сәйкес;

шынайылығы: қала тарихына сәйкес;

жұмыстың орындалу сапасы;

автордың жасы шығармашылық деңгейі сәйкес болуы.

10. Байқауға қатысушы бір немесе бірнеше номинация бойынша қатыса алады. Әр номинация бойынша бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша төлемақы бөлек төленеді.

11. Байқау жұмысының титул парағын ресімдеу тәртібі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымы;

байқау аталуы және номинациясы;

автордың аты-жөні, жасы;

жетекшінің аты-жөні;

жетекшінің қызметі және жұмыс орны;

email және байланыс мәліметтері.

12. Байқауда басқа адамның және ғаламтор мәліметтерін пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмыстары ешбір сайтта жарияланбаған болуы керек.

Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

13. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

14. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды

нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.rumsdokz.org/25> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама алуға арналған телефондар: 8(7172) 24-93-12

Онлайн дипломдар мен сертификаттарды жүктеу нұсқасы www.ziyatker.org → Республикалық іс-шара → байқау «Астана – жас ұрпақтың көзімен» → әрі қарай.

Ережеге қосымша

Республикалық қашықтықтан өткізілетін интернет-байқауға қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облыс, аудан (қала), ауыл, білім беру ұйымы; сыныбы, курсы)	Байқау, номинациялар және жұмыс атауы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефон, эл. пошта)	Жетекшінің аты-жөні, бар болса, қызметі және жұмыс орны	Жетекшінің байланыс мәліметтері (ұялы телефон, эл. пошта)
1	2	3	4	5	6	7